

А.К. Акылбекова*¹, М.С. Кулахметова¹, А.А. Мустафаева²

¹ Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Қазақстан

² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
ademau07@bk.ru

ЕКІНШІ ШЕТ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАСЫН ОҚЫТУДА КОГНИТИВТІК-ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация. Зерттеуде екінші шет тілін үйрену барысында лексиканы қолданудың тиімділігі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – когнитивтік стратегиялар мен лингводидактикалық тәсілдерді үйлестірудің студенттердің белсенді сөздік қорын дамытуға, сөзжасамдық дағдаларын қалыптастыруға және интерференция деңгейін төмендетуге ықпалын анықтау. Педагогикалық экспериментке 48 студент қатысты; интервенция 8 аптаға созылды. Нәтижелер эксперименттік топта лексикалық қамтылудың 34,1%-ға артқанын, сөзжасамдық тапсырмаларды орындау көрсеткішінің 5,2 баллға өскенін және интерференция деңгейінің 17,3%-ға төмендегенін көрсетті. Теориялық талдау мен эмпирикалық деректер көптілдік жағдайында екінші шет тілін оқытуда когнитивтік және лингводидактикалық тәсілдерді интеграциялаудың тиімділігін дәлелдеді.

Бұл зерттеуде лексиканы оқыту тәжірибесіндегі тиімділікке әсер ететін бірқатар негізгі әдістерге назар аударылады. Аталған әдістерді оқу үдерісінде тиімді қолданудың үлгілері ұсынылып, олардың артықшылықтары мен ықтимал кемшіліктері көрсетіледі. Неміс тілін оқыту бағдарламасына когнитивті және лингводидактикалық тәсілдерді интеграциялаудың білім сапасын арттыру және студенттерді жаһандану жағдайында кәсіби қызметке сапалы даярлау үшін маңыздылығы атап өтілді. Зерттеу нәтижесі шет тілдерін оқыту әдістемесі саласына елеулі үлес қосады, өйткені ол студенттердің оқу нәтижелерін когнитивтік және лингводидактикалық тәсілдер арқылы жақсартуға бағытталған оқытушылар мен әдіскерлерге арналған практикалық ұсынымдарды ұсынады.

Кілтті сөздер: когнитивті тәсілдер, лингводидактикалық тәсілдер, белсенді сөздік қор, шет тілін меңгеру, лексиканы оқыту.

Кіріспе

Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдай шет тілдерін үйренуге деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетіп отыр. Егер бұрын шет тілдері арасында ағылшын тіліне басымдық берілсе, қазіргі уақытта неміс, француз және қытай

сияқты басқа тілдерді үйренуге деген қызығушылықтың ұлғайып келе жатқанын байқауға болады. Осыған байланысты лингводидактика және шет тілдерін оқыту әдістеме призмасы арқылы екінші шет тілін оқыту мәселелерін қарастыру қажеттілігі өзекті болып отыр. Жаһандану жағдайында шет тілдерін білу табысты қарым-қатынас пен мәдениетаралық өзара іс-қимылдың маңызды шарты болып табылады. Білім беру саласында шет тілдерін, әсіресе ағылшын тілін үйренуге көп көңіл бөлінеді, алайда екінші шет тілін білу екінші тілдік тұлғаны қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Бұл зерттеудің өзектілігі Қазақстандағы шет тілді білім берудің даму тенденцияларымен және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық сұраныстарымен анықталады. Қазіргі жағдайда қазақстандық жоғары оқу орындарының түлектеріне, атап айтқанда болашақ шет тілі оқытушыларына, біздің контексте екінші шет тілі оқытушыларына жоғары талаптар қойылады. Сөздік қорының жеткіліксіздігі тек коммуникативті қабілеттерді ғана емес, сонымен бірге студенттердің болашақта кәсіби құзыреттілігін де айтарлықтай шектеуі мүмкін. Ең жиі кездесетін мәселелердің ішінде лексиканы қолданудағы қиындықтардан туындайтын студенттердің сенімсіздігін, сондай-ақ студенттерді тілдік ортаға батырудың тиімділігін төмендететін шектеулі коммуникативтік мүмкіндіктерді атап өтуге болады. Неміс тілін екінші шет тілі ретінде оқытудың көпжылдық тәжірибесі неміс тіліндегі ағымдағы үлгерім динамикасының төмендеуін растайтын жағдайларды анықтады. Бұған тиімді шеттілдік қарым-қатынас үшін қажетті деңгейде лексиканы меңгеру қиындықтары себеп болуы мүмкін. Студенттердің жіберген лексикалық қателіктері ауызша және жазбаша тілдің сапасын төмендетеді, бұл лексикалық интерференция саласындағы зерттеулермен, екінші шет тілін оқытудағы оқыту әдістемесімен расталады.

Бұл проблеманы шешу үшін білім алушылардың лексиканы белсенді кеңейтуге ықпал ететін оқытудың инновациялық әдістемелерін әзірлеу және енгізу қажет. Лексиканы еркін қолдана білу тек жеке мақсаттар үшін ғана емес, сонымен қатар кәсіби салада да маңызды артықшылық болады. Осыған байланысты шет тілдерін оқыту мен үйренудің тиімді әдістері – студенттердің лексикалық құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі факторларының бірі.

«Лексикалық құзыреттілік» ұғымын анықтау үшін зерттеушілердің пікіріне жүгінейік. «Әдістемелік терминдер мен ұғымдардың жаңа сөздігінде» Э.Г. Азимов пен А.Н. Шукин лексикалық құзыреттілікті тілдің сөздік құрамын білу және оны қарым-қатынас процесінде қолдану ретінде анықтайды [1].

А.Н. Шамовтың пікірінше, лексикалық құзыреттілік адамның сөздің контекстік мағынасын анықтау, оның «көлемін» және екі тілдегі мағынасын са-

лыстыру, сөз мағынасының құрылымын талдау және сөздің мағынасында нақты ұлттық мәнді анықтау қабілетімен сипатталады [2].

Э.Д. Сулейменованың редакциясымен шыққан «Социолингвистикалық терминдер сөздігінде» лексикалық құзыреттілік тілдің лексикалық жүйесі туралы білімдердің жиынтығы, сондай-ақ қарым-қатынас арысында әлеуметтік-мәдени және прагматикалық факторларды ескере отырып, әртүрлі коммуникативті жағдаяттарда лексикалық бірліктерді орынды әрі адекватты қолдана білу қабілеттері ретінде түсіндірілген [3].

Қазіргі заманғы зерттеулер аталған тұжырымдаманы кеңейтеді. Атап айтқанда, отандық ғалымдар С. Саяхмет, А. Туманов және А. Атаканова болашақ лингвисттің лексикалық құзыреттілігін дамытуға бағытталған тезаурусқа бағдарланған жүйені ұсынады. Мұнда сөздік қордың көлеміне ғана емес, сонымен қатар лексикалық бірліктердің желілік құрылымына және олардың семантикалық байланыстарына да ерекше мән беріледі [4].

Сол сияқты А.А. Фетисова лексикалық құзыреттілікті лексикалық білімдердің жиынтығы және бұл білімдерді ауызша да, жазбаша да коммуникация барысында өнімді түрде қолдана алу қабілеті ретінде анықтайды [5].

Осылайша педагогикалық контексте лексикалық құзыреттілікті бірнеше өзара байланысты компоненттерді қамтитын көпөлшемді құрылым ретінде қарастыру қажет деген қорытынды жасауға болады. Бұл көпөлшемділік лексикалық құзыреттіліктің тек сөздер мен олардың мағыналарын білуді ғана емес, сондай-ақ оларды әртүрлі контекстерде икемді түрде қолдана білуді, ассоциативтік байланыстарды қалыптастыруды және кәсіби немесе тақырыптық жағдаяттарда арнайы лексиканы пайдалануды қамтитынымен айқындалады.

Екінші және одан кейінгі тілдерді меңгеру бір мезгілде әрі феномен, әрі дербес ғылыми пән болып табылады. Оның бастаулары лингвистикада, психологияда, әлеуметтік психологияда, әлеуметтік педагогикада жатыр және ол когнитивті ғылымдардың тұжырымдаларына сүйенеді [6].

Бұл зерттеу әр тәсілді жеке қарастырады және лексиканы оқытудың когнитивті, сол сияқты лингводидактикалық тәсілдерін біріктіретін интеграцияланған тәсілдерді ұсынады. Қазақстандық жоғары оқу орындарында тіл мамандықтары студенттерінің лексикасын оқытудың когнитивті тәсілдері ерекше қызығушылық тудырады, өйткені соңғы уақытта мемлекеттік тілде оқитын студенттер саны тез өсуде, бұл студенттердің осы санатының когнитивті қабілеттерін ескере отырып, шет тілін оқыту әдістерін қайта қарауды талап етеді. Салыстырмалы талдау, ментальды карталар, визуализация, АКТ көмегімен интервалды қайталау және басқалары сияқты когнитивті стратегияларды қолдану сөздерді есте сақтауға ғана емес, сонымен қатар лексиканы есте сақтау мен санаттаудың

когнитивті механизмдерімен тікелей байланысты сөзжасам заңдылықтарын түсінуге ықпал етеді.

Екінші шет тілінің лексикасы мен сөзжасамына оқыту мәселесі А. Dargewitz [7], Г.Х. Каримова [8], А. Аждағанбетова [9], М.М. Ескали [10], С.Е. Жүнісова [11] сияқты шетелдік және қазақстандық авторлардың және басқалардың ғылыми еңбектерінде қамтылған. А.А. Кеерева атап өткендей, когнитивті лингвистикасының жетістіктерін лингводидактика мен әдіснамада жүзеге асыру жолдары қазіргі зерттеулердің маңызды бағыты болып табылады. Бұл тілдік құбылыстарды жаңа қырынан таңуға мүмкіндік береді [12]. Л.К. Карабаеваның пікірінше, сөзжасамға когнитивті көзқарас зерттеушіге тілдің жақсы зерттелген саласының жаңа аспектілерін түсінуге мүмкіндік береді, ал жаңалық тіл фактілерінің өзінде емес, оларға деген көзқараста [13]. Осы зерттеу аясында екінші шет тілін меңгеру барысында туындайтын негізгі қайшылықтар талданады, соның ішінде:

– қазіргі қоғамның көптілді жеке тұлғаға қоятын талаптары оқу барысының шынайы жағдайлары арасындағы сәйкессіздік;

– көптілділік жағдайында бірінші шет тілінің екінші шет тілін меңгеруге әсері.

Ақпаратты мағыналы өңдеу, ассоциативті байланыстыру, концептуалдық карталау және метакогнитивтік рефлексия қағидаттарына негізделген когнитивтік тәсілдер лексиканы неғұрлым тиімді меңгеруге қолайлы жағдай жасайды. Контекстік оқыту, аутентті мәтіндермен жұмыс және сөзжасамдық үлгілерді меңгеру сияқты лингводидактикалық әдістер лексикалық білімнің жүйелілігін қамтамасыз етеді. Екі тәсілді интеграциялау ұзақ мерзімді жадты күшейтуге, жалпыланған білім құрылымдарын қалыптастыруға және тіларалық интерференцияны төмендетуге мүмкіндік береді. Зерттеудің жаңалығы қазақстандық аудитория жағдайында неміс тілін екінші шет тілі ретінде оқытуды аталған интеграцияның эксперименттік тұрғыда тексерумен айқындалады.

Осы салада ары қарай жүргізілген зерттеулер бірінші шет тілінің әсерін ескеретін әдістемелерді әзірлеуге, сондай-ақ Қазақстанның көптілді ортасына бейімделген білім беру бағдарламаларын құруға бағытталуға тиіс.

Материалдар мен әдістер

Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін жүйелі түрде жинау мен зерттеуді қамтитын зерттеу тақырыбындағы ғылыми әдебиеттерге шолу және талдау. Бұл шолу бізге осы зерттеудің алгоритмін құруға көмектесіп, шет тілін оқыту әдістемесінде бұл аспектінің өзектілігін және зерттелмегендігін дәлелдеді, мұнда, біздің жағдайда оқыту тілі қазақ тілі ескеріледі.

Зерттеуде Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің «Шетел тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасы студенттерінің ағылшын

тілінен кейінгі екінші шет тілі ретінде неміс тілін үйрену үдерісі қарастырылған. Шартты түрде бұл білім беру бағдарламасының студенттері мемлекеттік және орыс тілдерін меңгеру тәжірибесі бар, В1 деңгейінде ағылшын тілін меңгерген және көптілді оқыту жағдайында екінші шет тілін үйренетін «көп тілді» тұлғаларға (А. Ажмаганбетованың анықтамасы бойынша) жатқызылды.

Зерттеуге аталған мамандық бойынша білім алатын, мемлекеттік және орыс тілдерін меңгерген, ағылшын тілін В1 деңгейінде білетін және оқу көптілділігі жағдайында екінші шет тілін оқып жүрген 48 студент қатысты. Аталған студенттер екі топқа бөлінді: эксперименттік топ (n=24) және бақылау тобы (n=24). Эксперименттік топ интеграцияланған модель негізінде оқытылса, бақылау тобы когнитивтік стратегиялар қолданылмайтын дәстүрлі әдістеме бойынша оқытылды. Эксперимент 8 аптаға созылып, келесі кезендерді қамтыды: бастапқы диагностика (pre-test), интервенция (интеграцияланған тәсілдерді еңгізу), қорытынды тестілеу (post-test) және 2 аптадан кейін ұзақ мерзімді есте сақтауды тексеру.

Біздің зерттеудің бастапқы кезеңінде ағылшын тілін оқытудағы когнитивті және лингводидактикалық тәсілдер қарастырылды, өйткені жоғарыда аталған университеттің студенттері үшін бұл бірінші. Бақылау және талдау барысында біз лексикалық бірліктерді қабылдау мен есте сақтауға тиімді ықпал ететін келесі әдістерді айқындадық: контарстивті талдау, қайталаудың интервалдық тәсілі, аутенті мәтіндермен жұмыс, сондай-ақ МООК-модульдер арқылы қолдау көрсету. Осылайша бұл әдістерді екінші шет тілін оқытуда қолдану орынды деген гипотезаны алға тарта отырып, олар тек механикалық есте сақтаудың орнына жаңа лексикалық бірліктерді түсінуге және өңдеуге ықпал етеді. Неміс тілін екінші шет тілі ретінде оқытын студенттерді бақылау барысында лексиканы оқыту кезінде студенттердің қандай ықтимал қиындықтары туындайтыны және қазақстандық реалиялардың ерекшеліктерін ескеретін қандай әдістерді қолдану керектігі анықталды.

Осы әдістер мен материалдардың барлығы зерттелетін тақырыпты зерделеуге және талдауға кешенді көзқарасты қамтамасыз етті, бұл біздің зерттеуіміздің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Нәтижелері және талқылау

Guthrie когнитивті дағдыларды әр адам туғаннан бастап меңгеретінін және олардың дамуы нәресте кезінен басталуы керек екенін атап көрсетеді [14, б. 603]. Танымдық қабілеттердің қалыптасуы танымдық қызығушылықтың дамуымен байланысты: адам ақпаратты сырттан қабылдайды, оны өңдейді, білімге айналдырады, сақтайды және күнделікті өмірде пайдаланады, өйткені танымдық қабілеттерді қалыптастыру танымдық қызығушылықты дамытуды білдіреді, яғни

адам сырттан ақпаратты қабылдайды, өңдейді, білімге айналдырады, күнделікті өмірде сақтайды және пайдаланады.

Бұл процесс бейсаналы деңгейде жүреді және оны шет тілін меңгеру үшін қолдануға болады. Тіл үйрену ұзақ және көп еңбекті қажет ететін процесс, сондықтан қазіргі шет тілін оқытуда когнитивті тәсілге шешуші мән беріледі. Бірақ бұл зерттеу алғашқы шет тілі мен ана тілдеріне сүйене отырып, лексиканы саналы түрде игеруге ықпал ететін когнитивті және лингводидактикалық тәсілдерді біріктіру әрекетін көрсетті. Білім – когнитивті процестің нәтижесі, студент оны өз бетінше және саналы түрде меңгеруі керек. Шет тіліндегі қарым-қатынас барысында когнитивті механизмдер жанданады, ойлау процестері енгізіледі және тіл когнитивті қызметтің негізгі құрамдас бөлігіне айналады, бірақ дұрыс лингводидактикалық тәсілмен лексиканың ассимиляциялық дәрежесі жоғарылайды және ұзақ мерзімді жадта ұзақ сақталады, ал тіл Қазақстандағы шет тілін оқытудың негізгі мақсаты болып табылатын сөйлеу-ойлау әрекетінің негізгі құралы ретінде әрекет етеді. Екінші шет тілін меңгеру тілге тікелей қатысы жоқ процестерді қоспағанда, бірінші шет тілін меңгеруге ұқсас. Біз А. Аждағанбетованың екінші шет тілін үйрену процесі, әдетте, лингвистикалық, социолингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, стратегиялық, дискурсивті, әлеуметтік және басқа құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған деген пікірімен келісеміз. Жалпы бұл процестің бірінші шет тілін оқытудан айтарлықтай айырмашылығы жоқ, бұл қате және студенттерде екінші шет тілін меңгеру кезінде бірқатар проблемалар тудырады [10, б. 207].

Б.А. Жетписбаева көптілділікті оқыту жүйесі оның құрамдас бөліктері бірыңғай әдістемелік қағидаттармен байланысқан жағдайда ғана тиімді және табысты бола алатындығын атап көрсетеді [15, б. 26].

Ағылшын тілінен кейін бір тілдің екіншісін игеруге әсері неміс ғалымдарының зерттеулерінде көрінеді. Мысалы, Германияда «Шет тілі» (DaF) және «Ағылшын тілінен кейінгі шет тілі» (DaFnE) пәндерінің арасында айырмашылық бар. Университетте қазақстандық тілдерді оқыту контекстінде бұл пәндер ағылшын тілімен бірінші шет тілі, неміс/басқа шет тілі екінші шет тілі ретінде үндеседі. Профессорлар G. Neuner мен T. Zhu шет тілін оқытудың 5 дидактикалық-әдістемелік қағидатын анықтады, олар біздің жоғары оқу орындарында шет тілінде білім беру үшін өзекті және қолайлы [16]. Шет тілдері мұғалімдеріне мотивацияны дұрыс бағыттау және қолдау үшін оқу процесінде оқушылардың екінші тілді үйренуге деген ынтасының динамикасына ерекше назар аудару қажет. Сонымен қатар осы зерттеудің нәтижелері екінші тілді үйренуге деген мотивация өте күрделі және динамикалық болуы мүмкін екенін көрсетеді, оны кез келген теориямен толық түсіндіруге болмайды, бірақ оны әртүрлі тұрғыдан түсіндіруге болады [17, б. 10]. Неміс тілінің дидактикалық әзірлемелері мен оқулықтарының көпшілігінде неміс

тілін ағылшын тілінен кейін емес, сонымен бірге ана тілі мен бірінші шет тілінің білімін, біліктері мен дағдыларын ескере отырып оқыту қағидаттарын ұстанады. Қарастырылып отырған қағидаттар 1-кестеде қысқаша сипатталған.

Кесте 1 – Шет тілін оқытудың дидактикалық-әдістемелік қағидаттары

Қағидаттар	Негізгі аспектілері	Оқу барысында іске асыру
Когнитивті оқыту: салыстыру/талқылау	– (T1), (T2), (T3) тіл әлеуетін жандандыру; – екінші шет тілін үйрену тәжірибесін пайдалану; – метакогнитивті құзыреттілікті дамыту.	– лексика, грамматика және айтылым бойынша салыстыру; – тіларалық байланыстар арқылы зерттелген материалды талдау; – тілді өз бетінше оқыту стратегияларын дамыту.
Түсіну зерттеудің негізі ретінде	– оқытылатын тілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын білу; – оқу барысының хабардарлығын дамыту.	– тілдік ерекше құбылыстарды талдау; – топтағы түсіну үдерістерін талқылау.
Мазмұнға бағыттанушылық	– форма мен мазмұн арасындағы тепе-теңдік; – оқытудағы когнитивті тәсіл; – білім алушылардың өмірлік тәжірибесімен байланысты тақырыптар.	– интерактивті пікірталастар; – жеке тәжірибеге байланысты жобалық тапсырмалар; – индуктивті және дедуктивті тәсілдерді қолдану.
Мәтін бағыты	– бірнеше тілдегі мәтіндерді талдау; – стратегиялық оқуды дамыту; – мәтіндердің сан алуан түрін қолдану.	– теңтүпнұсқалық мәтіндермен жұмыс; – жаһандық және таңдамалы оқу; – (T1), (T2), (T3) мәтіндерді салыстырмалы талдау.
Оқу үдерісін үнемдеу	– екінші шет тілін үйренуге шектеулі уақыт; – оқу материалдарын оңтайландыру; – автономды оқытуды дамыту.	– материалды жинақы жеткізу; – студенттерді белсендіру; – оқу барысын икемді ұйымдастыру.
Ескерту: Нойнердің жіктемесі негізінде автор тарапынан құрастырылған.		

Мысалы, солардың бірі – Hueber баспасы әзірлеген «Deutsch.com» оқулығы. Бұл оқу-әдістемелік кешенді құрастыру кезінде авторлар қазіргі әлемнің көптілділігіне назар аударды және студенттердің ағылшын тілінен базалық білімі бар екенін ескерді. Бұл бұрыннан бар тілдік дағдыларды күшейтуге және оларды неміс тілін үйрену кезінде пайдалануға мүмкіндік береді. Ересек студенттерге арналған «Schritte» оқулығы да тағы бір мысал бола алады. Ол сондай-ақ алғашқы шет тілін үйрену тәжірибесін ескереді және неміс тілін тиімді меңгеруге

көмектеседі. Бұл оқулықтар неміс тілін неғұрлым тиімді және саналы меңгеруге ықпал ететін тілралық байланыстарды пайдаланады.

Демек, мемлекеттік тілде оқытатын тіл мамандықтары студенттерінің фондық білімін ескеретін оқулықтар мен оқу құралдарын жасаудың шұғыл қажеттілігі туындайды. Жоғарыда аталған тәсілдерді зерттеу және біздің университеттің студенттері үшін оқу барысына енгізілген интеграцияланған тәсілдерді құру бірінші қадам болды.

Неміс тілінің лексикасын оқытуда когнитивті және лингводидактикалық тәсілдерді интеграциялау лексиканы тереңірек игеруге және студенттердің тілдік құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. Когнитивті тәсіл ақпаратты түсінуге және өңдеуге, ал лингводидактикалық тәсіл тілді оқыту әдістері мен қағидаттарына бағытталған. Оқу барысында қолданылған және неміс тілін оқытуда тезаурусты меңгерудің тиімділігіне әсер еткен кейбір интеграцияланған тәсілдерді келтірейік:

– когнитивті модельдеу тәсілі: лексикалық бірліктердің арасындағы байланыстарды бейнелеу үшін ментальды және тұжырымдамалық карталарды жасау. Бұл сөздік қорды жақсы түсінуге және есте сақтауға ықпал етеді;


– тең түпнұсқалық материалдарды біріктіру: неміс тілінде шынайы мәтіндерді, аудио және бейнематериалдарды қолдану студенттерге лексиканың практикалық қолданылуын әртүрлі контексттерде көруге мүмкіндік береді, ал бұл когнитивті байланыстарды күшейтеді;

– тілдерді салыстырмалы талдау: студенттерді неміс тілін ана тілімен және олар білетін басқа тілдермен салыстыруға ынталандыру. Бұл жаңа лексиканы игеруді жеңілдеті отырып, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға көмектеседі;

– метатану және рефлексия: студенттер лексиканы үйренудің өзіндік стратегияларын талдайды, бұл оқытуға байыпталған көзқарас пен нәтижелерді жақсартуға ықпал етеді. Төменде көптілділік жағдайында лексиканы игеруге ықпал ететін осы тәсілдердің интеграциясы мен үйлесімділігі (1-сурет) берілген.

Mindmaps және метатану сияқты когнитивті стратегияларды лингводидактикалық әдістермен, соның ішінде теңтүпнұсқалық материалдармен және интерактивті жаттығулармен біріктіру неміс тілінің лексикасын оқытудың кешенді тәсілін қамтамасыз етеді. Бұл сөздік қорын молайтып қана қоймай, сонымен қатар шынайы коммуникативті жағдайларда тілді өз бетінше үйрену және қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Когнитивті психология мен нейролингвистика салаларындағы зерттеулерге сәйкес, оқыту тиімді болады, егер жаңа ақпарат мағыналы байланыстар арқылы қолданыстағы менталдық схемаларға біріктірілсе.



Сурет 1 – Неміс тілінің лексикасын оқытудың когнитивті және лингводидактикалық тәсілдерін интеграциялау
Ескертпе: сурет [9, 10, 19] дереккөздері негізінде құрастырылған

Бұл байланыстар әртүрлі формада көрініс табуы мүмкін. Семантикалық ассоциациялар білім алушыларға таны емес лексикалық бірліктерді бұрыннан қалыптасқан концептуалдық білімдермен, тақырыптық категориялармен немесе контекстуалдық мағыналармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде түсіну тереңдей түседі.

Визуалды ассоциациялар менталдық бейнелерге, символдық ұсынуларға, кеңістіктік модельдеуге немесе түспен кодтауға негізделеді. Фонологиялық ұқсастық, ырғақтық үлгілер, дыбыстық символика немесе мнемоникалық ұйқастар сияқты усту ассоциациялары акустикалық ерекшеліктер мен мағына арасындағы есте сақтау байланыстрын нығайтады [18].

Жалпы алғанда бұл ассоциациялар жиынтығы ассоциативтік желілерді – күрделі әрі динамикалық менталдық құрылымдарды қалыптастырды. Олар шет тілін меңгеру үдерісінде шешуші рөл атқарады, өйткені білім алушыларға жаңа лингвистикалық элементтер мен бұрыннан бар білімдер арасында мағыналы байланыстар орнатуға мүмкіндік береді.

Нойнердің дидактикалық-әдістемелік қағидаттарына сүйене және неміс тілінің лексикасын оқытудың когнитивті және лингводидактикалық тәсілдерінің үйлесімділігін ескере отырып, біз белсенді сөздік қорын кеңейтуге және неміс тілінде сөзжасам әдістерін оқытуға бағытталған жаппай ашық онлайн курсты (ЖАОК) әзірледік. Бұл ЖАОК Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің порталында орналастырылған және неміс тілін оқытын студенттер мен магистранттарға арналған. Бұл ЖАОК силлабустың тақырыптық жоспары-

на сәйкес тақырыптар бойынша VI деңгейіндегі сөздік қорын қарқынды оқытуға бағытталған, осылайша жеткіліксіз сағаттардың орнын толтырады және неміс тілін үйренуге деген ынтаны арттырады.

Эксперимент барысында екі топта да кіріспе диагностика жүргізілді. Аталған диагностиканың нәтижелері кестеде берілген.

Кесте 2 – Эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарындағы кіріспе диагностиканың нәтижелері

Көрсеткіш	ЭТ	БТ	P
Лексикалық қамту	42,3%	41,7%	0,86
Сөзжасам	2,1	2,0	0,78
Интерференция	31,2%	29,7%	0,60

Жүргізілген претестілеу нәтижелері барлық талданған көрсеткіштер бойынша эксперименттік топ (ЭТ) пен бақылау тобы (БТ) арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтардың жоқ екенін көрсетті ($p < 0,05$). Бұл олардың бастапқы біліктілігін дәлелдейді және посттест кезеңінде анықталған кейінгі айырмашылықтарды эксперименттік оқытуды енгізудің нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

«Сөзжасам» көрсеткіш баллмен берілді, себебі ол сөзжасамдық біліктердің қалыптасу деңгейі көрсететін критериалды-бағдарланған шкала негізінде бағаланды. Лексикалық қамту көрсеткішінен айырмашылығы, бұл параметр сапалық сипатқа ие, сондықтан оны пайыздық мәндермен адекватты түрде көрсету мүмкін емес.

2,1 (эксперименттік топ – ЭТ) және 2,0 (бақылау тобы – БТ) орташа мәндері топтар бойынша сөзжасамдық біліктердің қалыптасу деңгейінің орташа көрсеткішін бейнелейді. Бұл констатациялық кезеңге тән құбылыс болып табылады. Төменде 1–3 шкаласының интерпретациясы ұсынылады:

1 балл – төмен деңгей. Студент сөзжасамдық элементтерді тануда қиындықтарға тап болады, интерференциялық қателер жібереді, туынды сөздерді негізімен байланыстыра алмайды.

2 балл – орташа деңгей. Сөзжасамдық модельдерді ішінара таниды, туынды сөздердің негізімен мағынасын контексте түсінеді, алайда талдау немесе қолдану барысында қателіктер жіберуі мүмкін.

3 балл – жоғары деңгей. Сөзжасамдық модельдерді сенімді түрде таниды және интерпретациялайды, оларды контексте дұрыс қолданады, сондай-ақ сөзжасам механизмдерін саналы меңгергенін көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген тәсілдерді ескере отырып жасалған тапсырмалардың кейбір мысалдарын келтірейік:

Aufgabe 1

Erstellen Sie eine Mindmap mit dem zentralen Wort «Reise», ergänzen Sie die Mindmap mit folgenden Zweigen:

- Verkehrsmittel
- Aktivitäten
- Orte
- Eindrücke

Aufgabe 2

Bilden Sie aus den gegebenen Wörtern neue zusammengesetzte Wörter und übersetzen Sie ins Kasachisch und Russisch.

Beispiel:

Reise + Tasche = die Reisetasche

Flug + Ticket = das Flugticket

Wörter:

Reise + Versicherung

Koffer + Raum

Hotel + Reservierung

Stadt + Plan

Flug + Gesellschaft

Aufgabe 3

Bilden Sie neue Wörter mit den Präfixen «ver-» und «be-» oder Suffixen «-ung» und «-er».

Beispiel: bewerben – Bewerbung – Bewerber

Aufgabe 4

Vergleichen Sie folgende Wörter auf Deutsch, Kasachisch und Russisch. Finden Sie Unterschiede und Gemeinsamkeiten in der Wortbildung.

Welche Unterschiede gibt es in der Struktur der Wörter? Wie beeinflussen die Präfixe oder Suffixe die Bedeutung im Deutschen?

Verkehrsmittel: Fahrradweg, Autovermietung, Reiseflugzeug

Orte: Reisebüro, Hotelzimmer, Urlaubsort, Campingplatz, Stadtzentrum

Dokumente: Reisepass, Flugticketschalter, Visumantrag, Bordkarte, Versicherungsnachweis

Aktivitäten: Wanderroute, Stadtrundfahrt, Besichtigungsprogramm,

Fotoausrüstung, Strandspaziergang

Andere Wörter: Reisekostenabrechnung, Reisebegleitung, Abfahrtszeit,

Reisevorbereitungen, Wettervorhersage.

Мұндай тапсырмалар қазақ тілін оқыту тілі ретінде ескере отырып, неміс тілінің лексикасын тиімді есте сақтау үшін біріктіруге болатын студенттердің ойлау қызметін жандандырады. «Ausbildung im Ausland» тақырыбы бойынша студенттерге семантикалық желіні, соның ішінде байланысты сөздер мен ассоциацияларды құру туралы тапсырма берілді. Бұл тапсырманың нәтижелері 3-кестеде келтірілген.

Кесте 3 – Ассоциациялар мен сөздердің кейбір мысалдары

Неміс	Қазақ	Орыс	Байланыс / түсініктеме
Universität	Университет	Университет	Барлық тілдердегі ұқсас сөз
Studium	Оқу	Учеба	Student-ке ұқсас
Vorlesung	Дәріс	Лекция	«Vor» алдында, «Lesung» оқу «студенттердің алдында оқиды»
Prüfung	Емтихан	Экзамен	«prüfen» пен «байланыс» (тексеру)
Bachelor	Бакалавр	Бакалавр	Халықаралық сөз
Forschung	Зерттеу	Исследование	Forschen – зерттеу етістігімен байланысты
Ескерту: автор тарапынан құрастырылған			

Осы лексиканы салыстырмалы сөйлемдерде пайдалана отырып, студенттер Қазақстан мен Германиядағы білім беру жүйесіндегі айырмашылықтарды танып, оны топтарда талқылайды. Бұл тапсырма тұжырымдамалық карталар және тілдерлік ассоциация әдісі сияқты когнитивті тәсілдерді, сондай-ақ жаңа лексиканы зерттеу барысын мағыналы және шынайы жағдайларға жақындату үшін контрастивтік талдау сияқты лингводидактикалық тәсілді қамтиды.

Эксперименттің 8-аптасында екі топта да қорытынды тест жүргізілді. Нәтижесінде эксперимент топ көрсеткіштерін елеулі түрде жақсартты. Кестеде тестілеу бөлімдері бойынша нәтижелер және сандық зерттеу нәтижелеріндегі статистикалық маңызды көрсеткіштер берілген.

Кесте 4 – ЭТ және БТ қорытынды тестілеу нәтижелері

Көрсеткіш	ЭТ	БТ	P
Лексикалық қамту	76,4%	58,1%	<0,001
Сөзжасам	7,3	4,1	<0,001
Интерференция	13,9%	24,3%	<0,001

Мұнда түсіндіру қажет: қалыптастыру және бақылау кезеңінде (посттест) «сөзжасам» көрсеткіші үшін кеңейтілген балдық шкала қолданылды, себебі білік

сапалық түрде дамып, диагностикалық индикаторлардың саны артты. Сол себепті дайындық кезеңінде қолданылған үш балдық шкала жеткілікті сезімтал болмады. Маңызды айырмашылықтарды және әдістемелік әсерді тіркеу үшін кеңейтілген балдық шкала қажет болды, бұл педагогикалық экспериментте стандартты тәжірибе болып табылады.

Нәтижелер бойынша эксперименттік топ көрсеткіштердің елеулі жақсарғанын және статистикалық маңызы мықты екенін көрсетті. Бұл кездейсоқтық ықтималдығы өте төмен екенін білдіреді. Көрсеткіштер бойынша статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылықтар ($p < 0,001$) көптілді оқу жағдайында саналы түрде меңгеруге бағытталған әзірленген әдістеменің жоғары тиімділігін дәлелдейді.


Төмендегі кестеде бастапқы және қорытынды тестілеу бөлімдері бойынша екі топтағы өзгерістер динамикасы көрсетілген.

Кесте 5 – ЭТ және БТ бастапқы және қорытынды тестілеу нәтижелері

Көрсеткіш	Топ	Pre-test	Post-test	Δ
Лексика	ЭТ	42,3	76,4	+34,1
	БТ	41,7	58,1	+16,4
Сөзжасам	ЭТ	2,1	7,3	+5,2
	БТ	2,0	4,1	+2,1
Интерференция	ЭТ	31,2	13,9	-17,3
	БТ	29,7	24,3	-5,4

Осы зерттеу аясында Δ (дельта) көрсеткіші эксперименттік және бақылау топтарындағы өзгерістер динамикасын сандық бағалау үшін қолданылады. Біздің жағдайда бұл көрсеткіш бастапқы деңгей мен интервенциядан кейінгі нәтижелер арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Бұл эксперименттік әсерден туындаған өзгерістердің бағыты мен көлемін анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижелер бойынша мынадай қорытынды жасауға болады: эксперименттік топта лексика мен сөзжасам аспектілерінде елеулі өсу байқалады және интерференция деңгейі төмендейді. Бұл лексиканы меңгеруге оң әсер етеді.

Осы эксперименттің тиімділігін анықтау үшін екі аптадан кейін ұзақ мерзімді есте сақтау деңгейін тексеру жүргізілді. Оның мақсаты – әдістердің қаншалықты тиімді болғанын анықтау және болашақта нәтижені жақсарту үшін қандай тапсырмаларды қосу қажет екенін белгілеу. Төмендегі диаграммада ұзақ мерзімді есте сақтауды диагностикалау нәтижелері берілген.



Сурет 2 – Ұзақ мерзімді есте сақтауды диагностикалау нәтижелері

Зерттеуде меңгерілген білімнің тұрақтылығын бағалау үшін нәтиженің төмендеуі көрсеткіші енгізіледі, ол тікелей бақылау нәтижелері арасындағы айырмашылықты бейнелейді. Бұл көрсеткіш оқу материалдарының сақталу деңгейін бағалауға мүмкіндік береді: төмендеудің мөлшері неғұрлым аз болса, меңгерудің беріктігі соғұрлым жоғары болады.

Осы кезеңде эксперименттік топ ұзақ мерзімді есте сақтаудың жақсы көрсеткіштерін көрсетті, бұл қолданылып отырған оқыту әдістемесінің тиімділігін дәлелдейді.

Алынған деректер интеграциялық модельдің мына бағыттарда тиімділігін растайды: ұзақ мерзімді есте сақтауды күшейту, тұрақты сөзжасамдық дағдылары қалыптастыру. Интерференция әсерін азайту, лексикалық қорды кеңейту және МООК қолдауы арқылы мотивацияны арттыру.

Қорытынды

Бұл зерттеу бірінші тілмен салыстырғанда екінші шет тілін меңгеру механизмдеріндегі маңызды айырмашылықтарды анықтады. Бұл оқыту әдістемесін әзірлеуге жүйелі көзқарасты қажет етеді. Осылайша бұл зерттеудің гипотезасы расталады. Ол екінші шет тілін үйренуге тән шынайы қиындықтарды анықтаудан, сондай-ақ оқу барысын оңтайландыруға және білім беру бағдарламаларын бейімдеуге ықпал ететін тиімді стратегияларды анықтаудан тұрады.

Осылайша екінші шет тілінің лексикалық және сөзжасамдық аспектілерін талдау ассимиляция процесіне әсер ететін когнитивті және лингводидактикалық

тәсілдерді кешенді зерттеу қажеттілігін көрсетті. Атап айтқанда, бірінші және екінші шет тілдері арасындағы интерференцияның маңызды рөлі анықталды. Бұл қателерді жүйелеуді және олардың теріс әсерін азайтуға бағытталған әдістемелік шешімдерді әзірлеуді талап етеді.

Зерттеу нәтижелері неміс тілін екінші шет тілі ретінде оқитын студенттердің тұрақты тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеуде қолданылуы мүмкін. Неміс тілін оқытуда когнитивті және лингводидактикалық тәсілдерді енгізу лексика мен сөзжасамның тиімді игерілуіне ғана емес, сонымен қатар студенттердің аналитикалық және коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Осылайша когнитивті және лингводидактикалық тәсілдер тілдік материалды неғұрлым саналы және өнімді меңгеруді қамтамасыз ете отырып, екінші шет тілін оқыту әдістемесін жетілдіруде шешуші рөл атқарады. Осы саладағы қосымша зерттеулер тілдік білім беру сапасын және оның жаһанданған қоғамның талаптарына сәйкестігін арттыруға мүмкіндік беретін эмпирикалық негізделген оқыту әдістерін әзірлеуге бағытталуы керек.

Жүргізілген эксперимент когнитивтік және лингводидактикалық тәсілдерді екінші шет тіл ретінде неміс тілінің лексикасын оқытуда интеграциялаудың тиімділігін дәлелдеді. Нәтижелер лексикалық қамтудың елеулі жақсарғанын, сөзжасамдық дағдылардың дамығанын және интерференцияның төмендегенін көрсетеді. Ұсынылған модель Қазақстандағы көптілді шет тілдерін оқыту тәжірибесінде кеңінен қолдануға ұсынылуы мүмкін.

Мақала авторларының қосқан үлестері:

А.К. Акылбекова – зерттеу жұмысының негізгі идеяларын ойластырып, зерттеу мәселерін анықтады; мақаланың құрылымын жасақтады.

М.С. Қулахметова – әдебиет көздерін жүйеледі, зерттеу тақырыбы бойынша әдеби шолу бөлімін жазды.

А.А. Мустафаева – зерттеу дизайнын әзірледі, әдістемелік нұсқауларды құрды.

Барлық авторлар зерттеу нәтижелерін талқылауға, қорытынды тұжырымдарды қалыптастыруға және мақаланы баспаға дайындауға бірлесіп қатысқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. **Азимов, Э.Г., Щукин, А.Н.** Новый словарь методических терминов и понятий. – М.: Издательство «Инкар», 2009. – 448 с.

2. **Шамов, А.Н.** Формирование лексической компетенции как основополагающая цель в обучении иностранному языку // Языки и культуры народов мира в лингводидактической парадигме: Лемпертовские чтения. – IX: сб. ст. по матер. междунар. научно-метод. Симпозиума. – 2007. – С. 386-391.

3. **Сулейменова, Э.Д.** Словарь социолингвистических терминов. – Алматы: Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, 2007. – 330 с.
4. **Sayakhmet, A., Tumanova, A., & Atakanova, A.** Thesaurus-oriented approach to lexical competence development in future linguists // *Foreign Language Studies*. – 2025. – №1. – P. 45-58. – URL: <https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls/article/view/7787>. (қаралу күні: 04.11.2025)
5. **Фетисова, А.А.** Методика управления фактором непроизвольности в процессе развития иноязычной лексической компетенции студентов: I курс, языковой педагогический вуз: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02. – Москва, 2010. – 186 с.
6. **Syrymbetova, L.S., Oтынshiyeva, M.T., Uaikhanova, M.A.** Differentiated Instruction in Second Language Acquisition: A Case Study in Kazakhstan // *Вестник Карагандинского университета, серия «Педагогика»*. – 2023. – №1. – С. 198-211. – URL: <https://rep.ksu.kz/handle/data/16034> (қаралу күні: 04.11.2025)
7. **Dargewitz, A.** Die Sprache lebt und verändert sich. Zu den neuesten Tendenzen in der deutschen Wortbildung. – Olsztyn: UWM, *Acta Neophilologica*, 2012. 76 p.
8. **Каримова, Р.Х., Болотова Е.В.** Словообразовательный анализ лексики газетно-публицистического стиля в современном немецком языке // *Вестник ТГПУ*. – 2019. – №9. – С. 23-30. – <https://doi.org/10.23951/1609-624X-2019-9-23-31>
9. **Ажмаганбетова, А.** Лингводидактические основы обучения второму иностранному языку // *Актуальные научные исследования в современном мире*. – 2021. – №4(72). – С. 206-211. – URL: elibrary_46289553_78764474.pdf (қаралу күні: 04.11.2025)
10. **Yeskali, M.M., Abdrasheva, D.M.** Enhancing English language acquisition primary school students through cognitive strategies // *Педагогический Вестник Казахстана*. – 2025. – №1(78). – С. 61-74. – URL: <https://doi.org/10.23951/1609-624X-2025-1-78-61-74> (қаралу күні: 04.11.2025)
11. **Zhunossova, S.Ye., Naviy, L.N., Vaimanova, L.S.** The relevance of soft skills formation in students studying two foreign languages // *Вестник Евразийского Национального Университета имени Л.Н. Гумилева*. – 2024. – №2. – С. 144-163. – <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-147-2-144-163>
12. **Кереева, А.А.** Шет тілді предлогтарын түсіндіру барысында когнитивтік лингвистиканы қолдану // *Вестник Кокшетауского Университета имени Ш. Уалиханова. Филологическая серия*. – 2024. – №2. – С. 47-55. – <https://doi.org/10.59102/pedagogical/2024/iss2pp47-55>
13. **Карабаева, Л.К., Ереханова, Ф.Т., Тасполатов, Б.Т.** Актуальные проблемы когнитивной лингвистики на современном этапе // *Вестник университета Ясави*. – 2024. – №1(131). – С. 135-148. – <https://www.doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.12>
14. **Guthrie, J.T., Wigfield, A., You, W.** Instructional contexts for engagement and achievement in reading // *Handbook of research on student engagement* ed. by S.L. Christensen, A.L. Reschly, C. Wylie. – New York: Springer Science, 2012. – P. 601-634. – https://doi.org/10.1007/978-1-4614-2018-7_29.
15. **Жетписбаева, Б.А.** Теоретико-методологические основы полиязычного образования: автореф. дис. ... д-ра пед. наук. – Алматы, 2009. – 40 с.
16. **Zhu, T., Zhang, Y. & Irwin, D.** Second and Foreign Language Vocabulary Learning through Digital Reading: A Meta-Analysis // *Education and Information Technologies*. – 2024. – P. 4531-4563. – <https://doi.org/10.1007/s10639-023-11969-1>
17. **Liu, M.** University Students' Dynamic Motivation to Learn Chinese as a Second Language // *SAGE Open*. – 2023. – №3(14). – P. 1-12. – <https://doi.org/10.1177/21582440231207450>
18. **Lau, E., Ferreira, F.** Phonological cues and auditory associations in second language vocabulary acquisition // *Applied Psycholinguistics*. – 2023. – №1(44). – P. 23-47. – <https://doi.org/10.31149/ijie.v2i3.90>

References

1. Azimov, Je., Shukin, A. (2009). *Novyj slovar' metodicheskikh terminov i ponjatij [A new Dictionary of Methodological Terms and Concepts]*, Moscow: Inkar Publishing House, 448. [in Russian]
2. Shamov, A. (2007). Formirovanie leksicheskoi kompetencii kak osnovopolagajushhaja cel' v obuchenii inostrannomu jazyku [The development of lexical competence as a fundamental goal in foreign language teaching]. In *Languages and cultures of the peoples of the world in the linguodidactic paradigm: Lempert Readings – IX (Proceedings of the International Scientific and Methodological Symposium)*, Pyatigorsk State Linguistic University, 386-391. [in Russian]
3. Sulejmenova, Je.D. (2007). *Slovar' sociolingvisticheskikh terminov [Dictionary of Sociolinguistic Terms]*. Almaty: Al-Farabi Kazakh national University, 330. [in Russian]
4. Sayakhmet, A., Tumanova, A., & Atakanova, A. (2025). Thesaurus-oriented approach to lexical competence development in future linguists. *Foreign Language Studies*, 1, 45-58. – URL: <https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls/article/view/7787> (review date: 04.11.2025) [in English]
5. Fetisova, A.A. (2010). *Metodika upravlenija faktorom neproizvol'nosti v processe razvitija inozazychnoj leksicheskoi kompetencii studentov: I kurs, jazykovoј pedagogicheskij vuz [Methods of managing the factor of involuntariness in the development of students foreign language lexical competence (first year, pedagogical language university)]*. (Doctoral dissertation, specialization 13.00.02), Moscow. 186. [in Russian]
6. Syrymbetova, L.S., Otyshieva, M., Uajxanova, M.A. (2023). Differentiated Instruction in Second Language Acquisition: A Case Study in Kazakhstan. *Bulletin of Karaganda University, series «Pedagogy»*, 1, 198-211. – URL: <https://rep.ksu.kz/handle/data/16034> (review date 04.11.2025) [in English]
7. Dargeshhitz, A. (2012). *Die Sprache lebt und verändert sich. Zu den neuesten Tendenzen in der deutschen Wortbildung*. Olsztyn: UWM, Acta Neophilologica, 76. [in German]
8. Karimova, R.H., Bolotova E.V. (2019). Slovoobrazovatel'nyj analiz leksiki gazetno-publicisticheskogo stilja v sovremennom nemeckom jazyke [Word-formation analysis of newspaper-journalistic style vocabulary in modern German]. *Bulletin of TGPU*, 9. – <https://doi.org/10.23951/1609-624X-2019-9-23-31> [in Russian]
9. Azhmaganbetova, A. (2012). Lingvodidakticheskie osnovy obuchenija vtoromu inostrannomu jazyku [Linguodidactic foundations of teaching a second foreign language]. *Aktual'nye nauchnye issledovaniya v sovremennom mire*, 4(72), 206-211. – URL: elibrary_46289553_78764474.pdf (review date 04.11.2025) [in Russian]
10. Yeskali, M.M., Abdrasheva, D.M. (2025). Enhancing English language acquisition primary school students through cognitive strategies. *Pedagogical Bulletin of Kazakhstan*, 1(78), 61-74. – URL: [Пед.вестник_№1-2025-61-74.pdf](http://pedvestnik_№1-2025-61-74.pdf) (review date 04.11.2025) [in English]
11. Zhunussova, S.Ye., Naviy, L.N., Baimanova, L.S. (2024). The relevance of soft skills formation in students studying two foreign languages. *Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University*, 2, 144-163. – <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-147-2-144-163> [in English]
12. Kereeva, A.A. (2024). Shet tildi predlogtary`n tysindiru bary`sy`nda kognitivtik lingvistikany` koldanu. [The Application of cognitive linguistics in teaching foreign language prepositions]. *Bulletin of the Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Philological series*, 2, 47-55. – <https://doi.org/10.59102/pedagogical/2024/iss2pp47-55> [in Kazakh]
13. Karabaeva, L.K., Erejanova, F.T., Taspolatov, B.T. (2024). Aktual'ny`e problemy` kognitivnoj lingvistiki na sovremennom e`tape [Current Issues of cognitive linguistics at the present stage]. *Bulletin of the University of Yasavi*, 1(131), 135-148. – <https://www.doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.12> [in Russian]

14. Guthrie, J.T., Wigfield, A., You, W. (2012). Instructional contexts for engagement and achievement in reading. *Springer, Handbook of research on student engagement*, 601-634. – https://doi.org/10.1007/978-1-4614-2018-7_29 [in English]

15. Zhetpisbaeva, B.A. (2009). *Teoretiko-metodologicheskie osnovy polijazychnogo obrazovanija: avtoref. dis. ... d-ra ped. nauk. [Theoretical and methodological foundations of multilingual education: author. dis... Dr. ped. sciences.]*. – Almaty. – 40 p. [in Russian]

16. Zhu, T., Zhang, Y. & Irwin, D. (2024). Second and Foreign Language Vocabulary Learning through Digital Reading: A Meta-Analysis. *Education and Information Technolgies*, 4531-4563. – <https://doi.org/10.1007/s10639-023-11969-1> [in English]

17. Liu, M. (2023). University Students' Dynamic Motivation to Learn Chinese as a Second Language. *SAGE Open*, 3(14), 1-12. – <https://doi.org/10.1177/21582440231207450> [in English]

18. Lalu, E., Ferreira, F. (2023). Phonological cues and auditory associations in second language vocabulary acquisition. *Applied Psycholinguistics*, 44(1), 23-47. – <https://doi.org/10.31149/ijie.v2i3.90> [in English]

А.К. Акылбекова*¹, М.С. Кулахметова¹, А.А. Мустафаева²

¹ Павлодарский педагогический университет имени Э. Марғұлан,
Павлодар, Казахстан

² Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

Эффективность когнитивно-лингводидактических методов обучения лексике второго иностранного языка

Аннотация. В исследовании экспериментально подтверждается эффективность расширения лексики в процессе изучения второго иностранного языка на основе интеграции когнитивных и лингводидактических подходов. Цель исследования – определить влияние сочетания когнитивных стратегий и лингводидактических подходов на развитие активного словарного запаса, формирование словообразовательных навыков и снижение интерференции у студентов. В педагогическом эксперименте участвовали 48 студентов; интервенция длилась 8 недель. Результаты показали, что в экспериментальной группе лексическое покрытие выросло на 34,1%, количество выполненных словообразовательных заданий – на 5,2 балла, а уровень интерференции снизился на 17,3%. Теоретический анализ и эмпирические данные доказали эффективность интеграции когнитивных и лингводидактических подходов в обучении второму иностранному языку в условиях многоязычия.

В данном исследовании акцентируется внимание на ряде ключевых методов, влияющих на эффективность в практике обучения лексике. Представлены примеры эффективного применения этих методов в учебном процессе и демонстрируются их преимущества и возможные недостатки. Отмечается важность интеграции когнитивных и лингводидактических подходов в программу обучения немецкому языку для повышения качества образования и качественной подготовки студентов к профессиональной деятельности в условиях глобализации. Исследование представляет собой важный вклад в область методики преподавания иностранных языков, предлагая практические рекомендации для преподавателей и методистов, с целью улучшения образовательных результатов студентов посредством когнитивных и лингводидактических подходов.

Ключевые слова: когнитивные подходы, лингводидактические подходы, активный словарь, иноязычное образование, обучение лексике.

А. Акылбекова*¹, М. Кулахметова¹, А. Мустафайева²

¹ Pavlodar pedagogical University named after Alkey Margulan,
Pavlodar, Kazakhstan

² Al-Farabi Kazakh University, Almaty, Kazakhstan

The effectiveness of cognitive-linguodidactic methods in teaching vocabulary of a second foreign language

Annotation. This study experimentally confirms the effectiveness of vocabulary expansion in the process of learning a second foreign language based on the integration of cognitive and linguodidactic approaches. The aim of the study is to determine the impact of combining cognitive strategies and linguodidactic approaches on the development of active vocabulary, the formation of word-formation skills, and the reduction of interference among students. A total of 48 students participated in the pedagogical experiment, and the intervention lasted eight weeks. The results showed that in the experimental group lexical coverage increased by 34,1%, the number of successfully completed word-formation tasks rose by 5,2 points, and the level of interference decreased by 17,3%. Theoretical analysis and empirical data proved the effectiveness of integrating cognitive and linguodidactic approaches in teaching a second language in a multilingual context.

This study focuses several key methods that impact the effectiveness of vocabulary teaching practices. Examples of the effective application of these methods in the educational process are presented, and their advantages and potential limitations are demonstrated. The importance of integrating cognitive and linguodidactic approaches into the German language curriculum is emphasized in order to improve the quality of education and ensure high-quality preparation of students for professional activity in the context of globalization. Research represents a significant contribution to the field of foreign language teaching methodology, offering practical recommendations for teachers and methodologists aimed at improving students learning outcomes through cognitive and linguodidactic approaches.

Keywords: cognitive approaches, linguodidactic approaches, active vocabulary, foreign language education, vocabulary teaching.

Мақала тарихы: Алынған күні: 14.01.2026. Қабылданды: 06.03.2026

Авторлар туралы мәліметтер:

Акылбекова Адемау Каиргельдиновна – хат-хабар авторы, докторант, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. Tel. +77774180939. E-mail: adetau07@bk.ru. ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-3308-4569>

Кулахметова Мергуль Сабитовна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. E-mail: kmergul@yandex.ru. ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-9357-415X>

Мустафаева Анар Абдикадиевна – PhD, доцент, Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: rummana@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6878-4946>

Information about the authors:

Akylbekova Ademaу – a corresponding author, doctoral student, Pavlodar pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. Tel. +77774180939. E-mail: ademaу07@bk.ru. ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-3308-4569>

Kulakhmetova Mergul – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: kmergul@yandex.ru. ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-9357-415X>

Mustafayeva Anar – PhD, associate professor, Al-Farabi Kazakh University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: rummana@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6878-4946>

Информация об авторах:

Акылбекова Адемау Каиргельдиновна – автор корреспонденции, докторант, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Павлодар, Қазақстан. Tel. +77774180939. E-mail: ademaу07@bk.ru. ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-3308-4569>

Кулахметова Мергуль Сабитовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Павлодар, Қазақстан. E-mail: kmergul@yandex.ru. ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-9357-415X>

Мустафаева Анар Абдикадиевна – PhD, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан. E-mail: rummana@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6878-4946>